

## Ғылым қорының кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қаңтардағы N 113 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 тамыздағы № 529 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 529 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ғылым қоры туралы ереже бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгіленген тәртіппен Ғылым қорының қаржы активтерін шоғырландыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті шотын ашсын.
3. "Ғылым қорының кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 қыркүйектегі N 1048 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 340-құжат) күші жойылды деп танылсын.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 30 қаңтардағы  
N 113 қаулысымен  
бекітілген

## Ғылым қоры туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылым қоры туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және Ғылым қорының (бұдан әрі - Қор) қалыптастырылуы, жұмыс істеуі және басқарылу мәселелерін реттейді.

Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Қор - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қазынашылық органдарындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотында шоғырландырылатын қаржы активтерінің жиынтығы;

Қор Кеңесі - осы Ережеде көзделген тәртіппен құрылатын, Қордың қаражатын басқаратын жоғарғы орган;

грант туралы келісім-шарт - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен грант алушы арасында жасалатын келісім-шарт;

грант алушы - осы Ережеде көзделген жобалар мен іс-шараларды іске асыратын және Қор кеңесінің шешіміне сәйкес Қор қаражатынан қаржыландырылатын заңды және жеке тұлғалар.

2. Қор іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулерді Қорға республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден түскен қаражат есебінен грант түрінде мақсатты қаржыландыру үшін құрылады ("Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы ).

3. Қорды басқару мен оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуді уәкілетті мемлекеттік орган - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

4. Қор өз қызметінде "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңын және басқа нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

## **2. Қорды басқару және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету**

5. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қорды басқарады, оның ішінде:

1) Қордан қаржыландырылатын ғылыми зерттеулердің тақырыптарын бекітеді;

2) Қордан қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулер бағдарламаларын бекітеді;

3) грант туралы келісім-шарттың үлгі нысанын бекітеді;

4) Қор қаражатын пайдалану нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын есеп береді;

5) Қорға сырттай аудит жүргізілуін қамтамасыз етеді;

6) белгіленген тәртіппен бекітілген іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

7) Қор қаражатының мақсатты пайдаланылуын бақылайды;

8) құрамына төраға, оның орынбасары және Кеңес мүшелері кіретін Қор Кеңесін қалыптастырады. Қор Кеңесінің жеке құрамы Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен үш жылдық мерзімге бекітіледі. Көрсетілген мерзім өткен соң Қор құрамының кем дегенде үштен бір бөлігі жаңартылады.

#### 6. Қор Кеңесі:

1) уәкілетті мемлекеттік органға Қор қаражатынан қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулердің басым бағыттарының тақырыптары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

2) қаржыландыруға конкурстық іріктеуден өткен жобаларды қабылдайды, жыл сайын жұмыстарды жалғастыру немесе тоқтату жөнінде ұсынымдар енгізеді ;

3) осы Ережеде көзделген тәртіппен Қор қаражатын тікелей басқаруды жүзеге асырады;

4) жыл сайын мемлекеттік уәкілетті органға Қорды басқару және пайдалану мәселелері жөнінде ұсынымдар, Қордан қаржыландырылатын ғылыми зерттеулердің, жобалардың және іс-шаралардың орындалуы, Қордың қаржыландыру жоспарының орындалуы мен оның түсімдері және Қорды басқаруға байланысты өзге де мәліметтер туралы есеп береді;

5) Қор қаражатынан қаржыландырылатын іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулер жобалары мен бағдарламаларына конкурстық іріктеу және сараптамалық бағалау өткізу тәртібі туралы ұсыныстар әзірлейді;

6) мемлекеттік және қоғамдық, оның ішінде халықаралық ұйымдардың өзара қарым-қатынасында Қорды білдіреді.

### **3. Қор қаражатын пайдалану тәртібі**

7. Қор қаражаты есебінен қаржыландыру үшін мәлімделген жобаларды даярлау, бағалау және іріктеу жөніндегі іс-шараларды Қор Кеңесі жүзеге асырады.

8. Қор қаражаты есебінен қаржыландыру үшін мәлімделген жобаларды даярлау, бағалау мен іріктеу жөніндегі іс-шараларға әдістемелік жетекшілікті үйлестіруді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

9. Іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулерді Қорға республикалық бюджеттен түсетін қаражат есебінен грант түрінде қаржыландыруға берілетін өтінімдер нысанын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі белгілейді.

10. Конкурстық іріктеу және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын тәуелсіз мемлекеттік ғылыми-техникалық

сараптаманың қорытындысы негізінде Қордан қаржыландыруды Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүргізеді.

11. Конкурстық іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеулер жобалары мынадай өлшемдерді ескерумен бағаланады.

1) жобаның белгіленген тәртіппен бекітілген іргелі, бастамашылық және тәуекелдік зерттеу бағдарламаларының басымдықтарына, негізгі бағыттарына сәйкес келуі;

2) жоспарланған зерттеулердің жаңалығы, өзектілігі, жинақтылығы және практикалық маңыздылығы (жаңа техника мен технологиялар жасауға бағытталуы), олардың Қазақстан Республикасында, тану және алыс шет елдерде бұрын жүргізілген {жүргізіліп жатқан} ұқсас зерттеулерден айырмашылығы;

3) шешу жолдары мен күтілетін нәтижелердің зерттеу міндеттеріне сәйкестігі ;

4) ғылыми негіздеменің (негізгі жарияланымдар, авторлық куәліктер, патенттер және т.б.) болуы;

5) орындаушылар ұжымының біліктілігі мен қойылған міндетті орындауға оның тәжірибесінің (кадр құрамы, жоба тақырыбы бойынша жарияланымдар, соңғы 3 жылдағы ғылыми зерттеулер нәтижелері сәйкестігі;

6) зерттеулердің ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің болуы;

7) сұралып отырған қаржыландырудың негіздемесі.

12. Жобаларды конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша шешімді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі құратын конкурстық комиссия қабылдайды және хаттама түрінде ресімдейді.

13. Конкурстық іріктеуден өткен жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен грант алушы арасында грант туралы келісім-шарт жасалады. Жұмыстарды қаржыландыру бір жылға ашылады.

14. Грант туралы келісім-шарт міндетті түрде грантты пайдаланудың мақсаты мен шарттарын, грант алушының Қор Кеңесіне ғылыми зерттеулердің орындалу барысы, олардың нәтижелері туралы есеп беру міндетін, грантты пайдалану тәртібін және грант туралы үлгілік келісім-шарттың өзге де негізгі шарттарын көздеуі қажет.

Грант алушы Қор Кеңесіне Қордан қаржыландырылатын, іске асырылатын жоба немесе іс-шаралар бойынша тоқсан сайын есеп береді.

#### **4. Қорды қалыптастыру және пайдалану туралы есеп беру**

15. Қор қаражатын есептеуді Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жүзеге асырады.

16. Қор Кеңесі жыл сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне Қорды басқару нәтижелері туралы есеп береді.

17. Қорды қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепте мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) есептік кезеңдегі Қордың түсімдері мен қаражаттық шығындары туралы;
- 2) жобалар мен іс-шаралар тізбесі және олардың есептік кезеңдегі қысқаша нәтижелері;
- 3) өзге де қажетті мәліметтер.

18. Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша есептер белгіленген тәртіппен Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтында мемлекеттік тіркеуден өтеді.